

"Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін, мемлекеттік ұйымдардың мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек көрсету туралы" Риддер қалалық мәслихатының 2014 жылғы 15 шілдедегі № 28/5-V шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 2015 жылғы 14 шілдедегі N 36/7-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 04 тамызда N 4081 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 2018 жылғы 25 қазандағы № 25/8-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 25.10.2018 № 25/8-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған .

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18 бабының 5 тармағына сәйкес, Риддер қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Риддер қалалық мәслихатының 2014 жылғы 15 шілдедегі № 28/5-V "Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін, мемлекеттік ұйымдардың мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3435 тіркелген, "Мой город Риддер" газетінің 2014 жылғы 21 тамыздағы № 34 санында жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

3-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"3. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға 12442 (он екі мың төрт жүз қырық екі) теңге мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсетіледі."

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Қалалық мәслихаттың хатшысы*

*В. ОСИПОВ
И. ПАНЧЕНКО*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК